



Басты бет / Заңнама / Заңнама

2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа (Еуразиялық экономикалық одақтың ортақ электр энергетикалық нарығын қалыптастыру бөлігінде) өзгерістер енгізу туралы хаттаманы ратификациялау туралы

Қазақстан Республикасының Заңы 2022 жылғы 16 наурыздағы № 109-VII ҚРЗ. Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2022 ж., № 5-6, 22-құжат;

← Қайта оралу

2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа (Еуразиялық экономикалық одақтың ортақ электр энергетикалық нарығын қалыптастыру бөлігінде) өзгерістер енгізу туралы 2019 жылғы 29 мамырда Нұр-Сұлтанда жасалған [хаттама](#) ратификациялансын.

*Қазақстан Республикасының
Президенті*

Қ. ТОҚАЕВ

Бейресми аударма

2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа (Еуразиялық экономикалық одақтың ортақ электр энергетикалық нарығын қалыптастыру бөлігінде) өзгерістер енгізу туралы
ХАТТАМА

Бұдан әрі мүше мемлекеттер деп аталатын Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттер

2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шарттың [115-бабын](#) басшылыққа ала отырып,

мүше мемлекеттердің энергетикалық қауіпсіздігін арттыру, Еуразиялық экономикалық одақта адал бәсекелестікті қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін құқықтық кеңістікті қалыптастыру, мүше мемлекеттер экономикаларының электр энергетикасы саласындағы тиімділігі мен бәсекеге қабілеттілігін арттыру үшін жағдайлар жасау, экономикалық өзара тиімді және

теңқұқылы ынтымақтастықты одан әрі нығайту мақсатында төмендегілер туралы келісті;

1-бап

2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа мынадай өзгерістер енгізілсін:

1) **81-бап** мынадай редакцияда жазылсын:

"81-бап. Одақтың ортақ электр энергетикалық нарығын қалыптастыру, оның жұмыс істеуі және дамуы

Одақтың ортақ электр энергетикалық нарығын қалыптастыру, оның жұмыс істеуі және дамуы осы Шарттың **104-бабының** 8-тармағы ескеріле отырып, осы Шартқа № 21 қосымшаға сәйкес қағидаттар мен қағидалар негізінде жүзеге асырылады.";

2) **82-бапта:**

1-тармақтағы "осы Шартқа № **21 қосымшаға** сай бірыңғай қағидаттар мен қағидаларға" деген сөздер "осы Шартқа № 21 қосымшаға және көрсетілген қосымшаның 5-тармағында көзделген Одақ органының актісіне" деген сөздермен ауыстырылсын;

2-тармақтың күші жойылды деп танылсын;

3) **104-бапта:**

2 және 3-тармақтардың күші жойылды деп танылсын;

8-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"8. Еуразиялық экономикалық одақтың ортақ электр энергетикалық нарығы туралы хаттаманың (осы Шартқа № 21 қосымша) 5 - 8-тармақтарына сәйкес қабылданған актілердің соңғысы күшіне енген күннен бастап:

көрсетілген Хаттаманың 43 - 49-тармақтары және оған қосымша күшін жояды;

көрсетілген Хаттаманың 2-тармағы, 5-тармағының бірінші және екінші абзацтары, 10 - 38-тармақтары, 39-тармағының үшінші және төртінші абзацтары, 40-тармағы күшіне енеді.";

4) Баға белгілеу мен тарифтік саясат негіздерін қоса алғанда, электр энергетикасы саласындағы табиғи монополиялар субъектілерінің көрсетілетін қызметтеріне қол жеткізуді қамтамасыз ету туралы хаттамада (көрсетілген Шартқа № 21 қосымша):

атауы мынадай редакцияда жазылсын:

"Еуразиялық экономикалық одақтың ортақ электр энергетикалық нарығы туралы хаттама";

1 - 12-тармақтар мынадай мазмұндағы мәтінмен ауыстырылсын:

"I. Жалпы ережелер

1. Осы Хаттама Еуразиялық экономикалық одақ туралы шарттың (бұдан әрі - Шарт) **81 және 82-баптарына** сәйкес әзірленді және Одақтың ортақ электр энергетикалық нарығын қалыптастырудың, оның жұмыс істеуі мен дамуының құқықтық негіздерін айқындайды.

2. Осы Хаттаманың және осы Хаттамада көзделген актілердің ережелері мүше мемлекеттердің үшінші мемлекеттермен электр энергиясының саудасына байланысты қатынастарға, оның ішінде үшінші мемлекеттердің аумағына мүше мемлекеттің аумағы арқылы, үшінші мемлекеттердің аумағынан мүше мемлекеттің аумағы арқылы электр энергиясын (қуатын) мемлекетаралық

беруге байланысты қатынастарға қолданылмаиды.

Үшінші мемлекеттердің электр энергетикасы субъектілеріне қатысты міндеттемелерді орындау мақсатында электр энергиясын (қуатын) мемлекетаралық беру аумағы арқылы электр энергиясын (қуатын) мемлекетаралық беру жүзеге асырылатын мүше мемлекеттің заңнамасымен реттеледі.

3. Осы Хаттамада пайдаланылатын ұғымдар мыналарды білдіреді:

"қосылу туралы шарт" - орталықтандырылған сауда нәтижелері бойынша

электр энергиясын сатып алу-сату шарттарының орындалуын қамтамасыз ететін, Одақтың ортақ электр энергетикалық нарығының қатысушысы, электр энергиясымен орталықтандырылған сауданың белгілі бір түрі бойынша орталықтандырылған сауда операторы (операторлары) және Одақтың ортақ электр энергетикалық нарығының өзге де инфрақұрылымдық ұйымдары арасында өзара міндеттемелерді белгілейтін, Одақтың ортақ электр энергетикалық нарығында электр энергиясымен өзара сауда қағидаларына сәйкес жасалатын шарт;

"электр энергетикасы саласында табиғи монополия субъектілерінің көрсетілетін қызметтеріне қол жеткізу" - Одақтың ортақ электр энергетикалық нарығы субъектілерінің Одақтың ортақ электр энергетикалық нарығында электр энергетикасы саласындағы табиғи монополиялар субъектілерінің көрсетілетін қызметтерін пайдалану мүмкіндігі;

"электр энергиясымен (қуатымен) алмасу" - электр энергиясының (қуатының) тең көлемдерін мүше мемлекеттің шекарасында (шекараларында) орналасқан әртүрлі жеткізу нүктелері арқылы электр энергетикалық жүйеге және одан өзара байланысты және бір мезгілде жеткізу;

"мемлекетаралық электр беру желілері" - мүше мемлекеттердің мемлекеттік шекараларын кесіп өтетін электр беру желілері;

"электр энергиясын (қуатын) мемлекетаралық беру" - мүше мемлекеттердің уәкілетті ұйымдарының электр энергиясын (қуатын) өткізу және (немесе) онымен алмасу бойынша қызметтер көрсетуі. Мүше мемлекеттің заңнамасына сәйкес тиісті қатынастар электр энергиясын (қуатын) беру (транзиттеу) бойынша қызмет көрсету шарттарымен немесе электр энергиясын сатып алу-сату шарттарын қоса алғанда, өзге де азаматтық-құқықтық шарттарымен ресімделеді;

"мемлекетаралық қима" - мүше мемлекеттердің мемлекеттік шекаралары арқылы, сондай-ақ мүше мемлекеттер мен үшінші мемлекеттердің мемлекеттік шекаралары арқылы өтетін, 2 және одан да көп мемлекеттердің энергия жүйелері (энергия жүйелерінің бөліктері) арасындағы барлық сыныпты кернеудің электр беру желілерінің технологиялық байланысты жиынтығы;

"мемлекетаралық ағын" - мемлекетаралық электр беру желілері бойынша электр энергиясының (қуатының) ағыны;

"Одақтың ортақ электр энергетикалық нарығы" - электр энергиясын (қуатын) сатып алу-сатуға байланысты, осы Хаттаманың, осы Хаттаманың 5-8 тармақтарында көзделген актілердің және Одақтың ортақ электр энергетикалық нарығының субъектілері арасындағы тиісті шарттардың негізінде әрекет етіп, параллель жұмыс істейтін электр энергетикалық жүйелер негізінде әртүрлі мүше мемлекеттердің ішкі қатарымен сауда электр

негізінде әртүрлі мүше мемлекеттердің ішкі көтерме сауда электр энергетикалық нарықтарының субъектілері арасындағы қатынастар жүйесі;

"орталықтандырылған сауда операторы" - Одақтың ортақ электр энергетикалық нарығында электр энергиясымен орталықтандырылған сауданың белгілі бір түрін ұйымдастыру бойынша қызмет көрсететін ұйым;

"электр энергиясын (қуатын) өткізу" - бір мүше мемлекеттің аумағында ендірілген электр энергиясының (қуатының) басқа мүше мемлекеттің желілері арқылы оның шекарасында (шекараларында) орналасқан жеткізу нүктелері арасындағы ағындарын қамтамасыз ету;

"электр энергиясының сальдо-ағыны" - мемлекетаралық қимаға кіретін барлық электр беру желілері бойынша электр энергиясының мемлекетаралық ағындарының алгебралық қосындысы (бағытын ескере отырып);

"еркін екіжақты шарт" - Одақтың ортақ электр энергетикалық нарығына қатысушылар арасында жасалған электр энергиясын сатып алу-сату шарты, онда жеткізу көлемдерін, бағаларын, мерзімдері мен есеп-қисаптарды және міндеттемелерді орындаудың өзге де талаптарын шарт тараптары, мемлекетаралық қималардың өткізу қабілеттерін, басқа да технологиялық және реттеушілік шектеулерді ескере отырып, дербес айқындайды;

"желілік оператор" - мүше мемлекеттің заңнамасына сәйкес осы мүше мемлекеттің аумағы бойынша электр энергиясын беру қызметін көрсетуге уәкілеттік берілген ұйым;

"жүйелік оператор" - мүше мемлекеттің заңнамасына сәйкес мүше мемлекеттің электр энергетикалық жүйесін жедел-диспетчерлік басқаруды жүзеге асыруға уәкілеттік берілген ұйым;

"мерзімдік келісімшарт" - электр энергиясын жеткізу кезеңі мен сағаттары бойынша, сондай-ақ мерзімдік келісімшарттар бойынша

орталықтандырылған сауда операторының регламенттеріне сәйкес орталықтандырылған сауда жүргізген кезде электр энергиясының бағасы мен көлемі айқындалатын өзге де елеулі талаптар бойынша стандартталған талаптардан қамтитын, Одақтың ортақ электр энергетикалық нарығына қатысушылар арасындағы электр энергиясын сатып алу-сату шарты;

"ішкі көтерме сауда электр энергетикалық нарығының субъектілері" - мүше мемлекеттің заңнамасына сәйкес осы мүше мемлекеттің көтерме сауда электр энергетикалық нарығының субъектілері болып табылатын заңды тұлғалар;

"тұйық схема" - бір мүше мемлекеттің электр энергиясын тұтынушыларды электрмен жабдықтау басқа мүше мемлекеттің тарапынан кернеу алатын мемлекетаралық электр беру желілері бойынша жүзеге асырылатын схема;

"электр энергетикасы саласындағы табиғи монополиялар субъектілерінің көрсетілетін қызметтері" - Одақтың ортақ электр энергетикалық нарығында өзара сауданы және электр энергиясын (қуатын) мемлекетаралық беруді қамтамасыз ету үшін табиғи монополиялар субъектілері көрсететін электр энергиясын беру, электр энергетикасында жедел-диспетчерлік басқару жөніндегі қызметтер.

II. Одақтың ортақ электр энергетикалық нарығын

қалыптастыру, оның жұмыс істеу және даму қағидаттары

4. Одақтың ортақ электр энергетикалық нарығын қалыптастыру, оның жұмыс істеуі және дамуы мынадай қағидаттар негізінде жүзеге асырылады:

1) теңқұқылық, өзара тиімділік және мүше мемлекеттердің кез келгеніне экономикалық залал келтірмеу негізіндегі ынтымақтастық;

2) электр энергиясын өндірушілер мен тұтынушылардың, сондай-ақ Одақтың ортақ электр энергетикалық нарығының басқа да субъектілерінің экономикалық мүдделерінің теңгерімділігін сақтау;

3) қызметтің бәсекелес түрлерінде электр энергиясына (қуатына) сұранысты қанағаттандырудың орнықты жүйесін қалыптастыру үшін нарықтық қатынастарға және адал бәсекелестікке негізделген тетіктерді басым пайдалану;

4) электр энергиясын (қуатын) мемлекетаралық беруді жүзеге асыру кезінде мүше мемлекеттердің ішкі қажеттіліктерін қамтамасыз ету үшін электр энергетикасы саласындағы табиғи монополиялар субъектілерінің көрсетілетін қызметтерін басым пайдаланған жағдайда, техникалық мүмкіндіктер шегінде осы көрсетілетін қызметтерге кедергісіз қол жеткізуді қамтамасыз ету;

5) мүше мемлекеттердің электр энергетикалық нарықтарының бұрыннан бар модельдерінің ерекшеліктерін ескере отырып, мүше мемлекеттердің параллель жұмыс істейтін электр энергетикалық жүйелері негізінде Одақтың ортақ электр энергетикалық нарығын кезең-кезеңмен қалыптастыру және дамыту;

6) параллель жұмыстың өзара келісілген талаптарын сақтай отырып, мүше мемлекеттердің электр энергетикалық жүйелері параллель жұмысының техникалық және экономикалық артықшылықтарын пайдалану;

7) мүше мемлекеттердің энергетикалық қауіпсіздігін ескере отырып, мүше мемлекеттердің субъектілері арасында электр энергиясымен сауданы жүзеге асыру;

8) мүше мемлекеттердің электр энергетикасы саласындағы заңнамасын, оның ішінде Одақтың ортақ электр энергетикалық нарығы субъектілерінің ақпаратты ашуы бөлігінде кезең-кезеңмен үйлестіру.

III. Одақтың ортақ электр энергетикалық нарығының жұмыс істеу қағидалары

5. Мүше мемлекеттер электр энергиясын (қуатын) мемлекетаралық беруге қол жеткізуді қамтамасыз ету қағидаттары мен тәртібін айқындайтын қағидаларға (бұдан әрі - қол жеткізу қағидалары) сәйкес мүше мемлекеттердің электр энергиясына (қуатына) ішкі қажеттіліктерін қамтамасыз етуді ескере отырып, мемлекетаралық электр беру желілері арқылы электр энергиясын (қуатын) мемлекетаралық беруге кедергісіз қол жеткізуді қолда бар техникалық мүмкіндіктер шегінде қамтамасыз етеді.

Электр энергиясын (қуатын) мемлекетаралық беру электр энергиясын (қуатын) мемлекетаралық беруді жүзеге асыруға уәкілеттік берілген ұйым (ұйымдар) мен электр энергиясын (қуатын) мемлекетаралық беру бойынша көрсетілетін

қызметтерді тұтынушы үшін орасанша баға тиімді шарттар негізінде